

Будьте в курсе городских событий \*Еще больше новостей\* Читайте нас на сайте sarangazeti.kz, а также в  sarangazeti  sarangazeti



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

Әр азаматтың  
дауысы маңызды!



ВЫБОРЫ ПРЕЗИДЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Важен голос  
каждого!

ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ

## ЗАҢ КЕРУЕНІ АҚТАС КЕНТІНДЕ

Шапағат ҚОСШЫҒҰЛОВ

**ӨНІРДІҢ ҚАДАҒАЛАУШЫ ОРГАН ӨКІЛДЕРІ ҚАЗІР ЖҰРТШЫЛЫҚҚА ЖАҚЫН БОЛУ ҚАҒИДАТЫН ҰСТАНУДА. ОСЫ ОРАЙДА ҚАЗАН АЙЫНЫҢ 26 ЖҰЛДЫЗЫНДА САРАН ҚАЛАСЫНЫҢ ПРОКУРОРЫ НАҚЫШЕВ ЖАНҚОЗЫ ОЛЖАБАЙҰЛЫ БАСТАҒАН МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІ «ЗАҢ КЕРУЕНІ» АКЦИЯСЫМЕН АҚТАС КЕНТІНЕ АТ БАСЫН БҰРЫПТЫ.**



«Заң керуенінің» құрамында Саран қаласы әкімінің орынбасары Оспанов Ералы Серікұлы, Саран қаласы ішкі саясат бөлімінің басшысы Ғалия Төртбаева, Саран қаласының ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік және жер қатынастары бөлімінің басшысы Дастан Әрнәшев, Саран қаласының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Марғұлан Анаев, Саран қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Марина Щегай, Саран қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ғалия Тохметова, Саран қаласы полиция бөлімінің бастығы, полковник Рустам Құлыбаев және де мемлекеттік органдардың өкілдері бар.

Ақтас – Саран қаласына қарасты бірден бір кент. Тұрғындар саны 8 мыңнан асып жығылады. Осы себепті қадағалаушы орган өкілдері игілікті шараны осы кенттен бастауды жөн көрген. Акцияның мақсаты – жергілікті жерде халыққа жедел құқықтық көмек көрсету, құқықтық мәдениет деңгейін арттыру, заңдарды

түсіндіру, заңды құқықтарын іске асыруға мүмкіндігі жоқ әлеуметтік топтарды анықтау, прокуратураның құқық қорғау рөлін іске асыру, елдегі қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті нығайту үшін азаматтық қоғам мен құқық қорғау органдарының күш-жігерін біріктіру болды.

Шара барысында ақтастықтар мамандарға шешілмей жүрген проблемаларын жеткізіпті. Атап айтқанда, акция барысындағы қоғамдық қабылдаулар аясында тұрғындар құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдардың басшыларына сұрақтар қойып, оларға толық жауаптар мен түсініктемелер ала алды. Сонымен қатар, Саран қаласының прокуроры Жанқозы Олжабайұлының тарапынан кент тұрғындарына заңдылықты нығайту және азаматтардың құқықтарын қорғау бойынша қабылданып жатқан шаралары туралы да тілге тиек етілді.

Бұдан бөлек, «Заң керуені» акциясы аясында Ақтас кентіндегі тұрмыстық жағдайы төмен отбасылар араланып, жеке қабылдау, әлеуметтік нысандардың жағдайын білу, тұрғындармен әңгімелесу, елді мекеннің жалпы жағдайын зерделеу жұмыстары да

жүргізіле берілетіні.

«Бірінші кезекте, біз ақпараттық-түсіндіру жұмыстарымен проблемалары әлеуметтік шиеленіс ошақтарының өңірлік карталарына енгізілген азаматтардың санаттарын қамтуды мақсат етіп отырмыз. Мүмкіндігінше азаматтарды толғандыратын мәселелердің дереу осы жерде шешілуін қарастырамыз.

Ондай мәселелердің қатарында мемлекеттік қызметтерді алу, консультациялар алу, нақты қылмыстық іс бойынша сарсаңның жолын кесу және т.б. мәселелер болуы мүмкін. Яғни, атап айтатын болсақ, арнаулы әлеуметтік қызметтерді, жәрдемақыларды, жеңілдіктерді, тегін дәрілік заттарды тағайындау, мүлікті тіркеу, мұрағаттық анықтамаларды беру, салықтарды есептеудің дұрыстығы және т.б. үшін құжаттарды ресімдеу.

Акция нәтижелері бойынша талдау жүргізіледі, іс-шаралардың нақты жоспары әзірленеді, халық көтерген негізгі проблемалық мәселелерді шешуге жауапты органдар анықталады», - деді акция барысында бізбен тілдескен Саран қаласының прокуроры Жанқозы Нақышев.

Иә, айтып өткеніміздей, акция аясында әр мемлекеттік органдардың басшылығы азаматтардың жеке қабылдауын жүргізді. Жеке қабылдаудан түскен барлық өтініштер тіркеліп, толымды жауаптар берілді.

Мәселен, акция барысында құқыққорғау органының өкілдеріне Ақтас кентінің бір

тұрғыны өз мәселесімен жүгінді. Аталған азаматтың өз аузынан алынған ақпаратқа сүйенсек, бүгінгі күнге дейін 16 жылдан астам уақыт ол Қарқаралы ауданында орналасқан бір қыстақта малшы болып жұмыс жасаған екен. Осынша ұзақ уақыт аралығында із-түссіз, хабар-ошарсыз кеткендіктен оны Саран қалалық соты 2017 жылы қайтыс болды деп шешім шығарады. Бірақ 2022 жылдың көктемінде аталған азамат Ақтас кентіне қайта оралып, белгілі бір мемлекеттік мекемеге қызмет алуға жүгінді де, сол жерде базадан өзін қайтыс болғандардың қатарынан тапқан ол, жанағы мәселемен сотқа жүгінді.

Содан азаматтың өтініші бойынша 2022 жылдың 1 қыркүйегінде Саран қалалық соты 2017 жылғы шыққан шешімінің күшін жою туралы екінші бір шешімді шығарады. Десекте, аталған Ақтас кенті тұрғынының құжаттары әлі қалпына келтірілмеген екен. Заң керуені акциясына келіп, құқыққорғау органдарына жүгінуіндегі мәселесі де, осы құжаттарын қайта қалпына келтіруге көмек сұраса керекті аталған азамат. Қазіргі уақытта бұл мәселе жан-жақты қарастырылу барысында.

Қосымша зерделеуді және тексеруді талап ететін бірқатар сұрақтар бақылауға алынды. Кері байланыс тәртібінде қарау нәтижелері жақын арада арыз иелерінің назарына жеткізілетін болады.

Жергілікті тұрғындар ашық диалог форматында өткен акцияға оң баға беріп, тұрақты негізде ведомстволар осындай кездесулерді жиі өткізуіне ниет білдірді. «Заң керуені» акциясы келесі кезекте де өз жалғасын табатын болады.



### ҚҰРМЕТТІ САРАН ҚАЛАСЫ МЕН АҚТАС КЕНТІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Саран қаласының әкімі азаматтарды жеке мәселелері бойынша апта сайын жұма күндері сағат 15.00-ден алдын ала жазылу бойынша қабылдайды (жазылу «Саран қаласы әкімінің аппараты» ММ-де 104 каб. немесе 7-40-16 телефоны бойынша сағат 18.00-ге дейін жүргізіледі).

Қабылдау әкімдік ғимаратында онлайн-режимде, ZOOM бағдарламасы арқылы өтеді.

«Саран қаласы әкімінің аппараты» ММ

### УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА САРАНИ И ПОСЕЛКА АҚТАС!

Акима города Сарани проводит прием граждан по личным вопросам еженедельно по пятницам с 15.00 часов по предварительной записи (запись осуществляется в ГУ «Аппарат акима города Сарани» каб. 104 или по телефону 7-40-16 до 18.00 часов).

Прием проходит в здании акимата в онлайн-режиме, посредством программы ZOOM.

ГУ «Аппарат акима города Сарани»

■ ЖАСТАРДЫҢ ЖАЙЫ ЖІТІ НАЗАРДА

# ЖАСТАР МӘСЕЛЕСІ: ҚИЫНДЫҚТАР МЕН ҚАУІПТЕР

Шапағат ҚОСШЫҒҰЛОВ

**ҚАЗІРГІ КҮНІ БІЗ ҚОҚЫС ЖӘШПІНЕН ТАБЫЛҒАН СӘБИГЕ ТАҢҚАЛМАЙМЫЗ. БҮЛ БАЛАЛАРДЫ, ӘДЕТТЕ, ӨЗДЕРІ СИЯҚТЫ БАСҚА БАЛАЛАР, ЯҒНИ ЖАСӨСПІМ-АНАЛАР ЖАСЫРЫН БОСАНҒАННАН KEЙІН ТАСТАП КЕТЕДІ. ЖЫНЫСТЫҚ САУАТСЫЗДЫҚТЫҢ КЕСІРІНЕН ТАСТАНДЫ БАЛАЛАР ҒАНА ЗАРДАП ШЕКПЕЙДІ, ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ ӨЗДЕРІ ЖЫНЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ ҚҰРБАНЫ БОЛАДЫ, АБОРТ ЖАСАТАДЫ, ЖЫНЫСТЫҚ ЖОЛМЕН ЖҰҒАТЫН ИНФЕКЦИЯНЫ ТАРАТАДЫ, ЖҮКТІ БОЛЫП ҚАЛҒАНДЫҚТАН ЕРТЕ ОТБАСЫЛЫҚ ӨМІРГЕ АЯҚ БАСАДЫ. БҮЛ ТІЗІМ СОЗЫЛА БЕРЕДІ.**



Өткен аптада Саран қаласы әкімінің орынбасары Ералы Оспановтың төрағалығымен Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқығын қорғау жөніндегі қалалық комиссияның кезекті бір отырысы өткен болатын. Алқалы жиында осы жоғарыда тілге тиек етілген кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы қылмыстардың алдын алу мәселесі мен вейп, бір реттік электрондық темекі сынды психоактивті заттарды, темекі қоспаларын қолданудың алдын алу бойынша атқарылып жатқан шаралар туралы мәселе сөз болды.

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 8 маусымдағы Заңымен ратификацияланған Бала құқықтары туралы Конвенцияның 34 бабына сәйкес қатысушы мемлекеттер баланы жыныстық қанаудың және жыныстық азғырудың барлық нысандарынан қорғауға міндеттенеді.

Соңғы уақытта кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық қылмыстардың өсуі қоғамның маңызды мәселелерінің бірі болып табылады және жаһандық сипатқа ие. Себебі оның құрбандары - жәбірленушілердің ең осал санаты.

Саран қаласы полиция бөлімінің инспекторы Мақсат Майпасовтың мәлімдеуінше, жыл басынан бері кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық қол сұғылушылық бойынша 11 іс тіркелген екен.

Бұл қылмыстарды жасауға ықпал ететін себептерді отбасы институтының әлсіреуі, қоғамның моральдық деңгейінің төмендеуі, алдын-алу жұмыстарының жеткіліксіз деңгейі, интернет кеңістігінің теріс әсері деп атауға болады. Өскелең ұрпақты қорғаудың басым бағыты кәмелетке толмағандарды қылмыстық-құқықтық қорғау болып табылады. Балаларға қатысты кез келген зорлық-зомбылықтың жолы қатаң түрде кесілуі тиіс, бұған жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы қылмыстар үшін жауапкершілік шараларының күшейтілуі де дәлел.

Мақсат Ерланұлының айтуынша, Саран қаласының Полиция бөлімі кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстарды болдырмау мақсатында басқа да мүдделі органдармен (жергілікті атқарушы органдар, прокуратура, орталық аурухана және басқалар) бірлесіп қаланың оқу орындарының оқушылары мен студенттері арасында түсіндіру

жұмыстарын ұйымдастырған екен.

Қазір интернет пен түрлі әлеуметтік желілердің дәуірлеп тұрған кезі болғандықтан тәртіп сақшылары олардың да мүмкіндіктерін пайдалануды ескерсе керек-ті.

««WhatsApp» мессенджерінде учаскелік полиция инспекторларының 14 чаттары құрылды, онда күн сайын қылмыстың алдын алу бойынша ақпарат таратылады. Сондай-ақ, «WhatsApp» мессенджерінде ювеналды полиция тобының қызметкерлері оқу орындарының өкілдерін қоса отырып 11 чат құрды, онда қылмыстардың алдын алу, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар бойынша тұрақты негізде ақпарат таратылады.

Бұдан бөлек, Саран қ. ПБ білім беру ұйымдарымен бірлесіп отыра, есепте тұрған отбасыларда, толық емес отбасыларда, көп балалы отбасыларда, сондай-ақ өгей әкелері немесе өгей шешелерімен бірге тұратындары отбасыларда қолайсыздықтың мониторингі жүйелі түрде жүргізіледі. 30.09.2022 жылғы жағдай бойынша балалар өгей әкелерімен, өгей шешелерімен бірге тұратын барлығы 262 отбасы бар. Отбасылардың осы санатына тұрақты бақылау жүргізіледі, сондай-ақ профилактикалық жұмыс жүргізіледі, яғни оқушылардың сабақтан тыс уақытта жұмыспен қамтылуын, балалардың өмір сүру жағдайларының сәйкестігін, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстардың алдын алу үшін отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынасты анықтау мақсатында Саран қаласы ББ МББ есебінде тұрған балалардың тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлары тексеріледі», - дейді полиция инспекторы Мақсат Ерланұлы.

Осы тұста өз тарапымыздан ескерте кетуді жөн санап отырмыз. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 122 бабына сәйкес 16 жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе нәпсіқұмарлық сипаттағы өзге де іс-әрекеттер 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады, ал ата-анасы, педагог не оны тәрбиелеу жөніндегі міндеттер жүктелген өзге адам жасаған дәл сол іс-әрекеттер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бас бостандығынан айыру белгілі бір

лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 7 жылдан 12 жылға дейін. Бірнеше рет немесе екі және одан да көп адамға қатысты жасалған дәл сол әрекеттер белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 12 жылдан 15 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстың тағы бір құрамы күш қолданбай жас балаға (жас балаға) қатысты азғындық әрекеттер жасау болып табылады (ҚР ҚК 124-б.). 7 жылдан 12 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады, ал ата-анасы, педагог не оны тәрбиелеу жөніндегі міндеттер жүктелген өзге адам жасаған дәл сол әрекеттер өмір бойы белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, 10 жылдан 15 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Осы әрекет бірнеше рет жасалған жағдайда, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 12 жылдан 17 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Сонымен қатар, кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыстар үшін Қылмыстық кодексте жәбірленушімен татуласуға, сондай-ақ шартты түрде соттауға байланысты істі тоқтатуға тыйым салу заңмен бекітілген.

Қылмыстың алдын алу үшін, ең алдымен, ата-аналар баласына қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйретіп, оны бақылап, қорғауы керек. Балаға көшеде бейтаныс адамдармен сөйлесуге, оларды үйге кіргізуге, біреудің көлігіне отыруға, бейтаныс адамдардан сыйлықтар алуға болмайтынын түсіндіріңіз. Баланы «тәуекел тобымен» — маскүнемдермен, нашақорлармен байланысудан қорғау керек, балаңыздың қайда, кіммен және немен айналысатынын білу, бос уақытын бақылау, ұялы телефонды, қонырауларды, СМС және жаңа байланыстарды тексеріп отыру қажет дейді комиссия мүшелері.

Комиссия отырысында қозғалған тағы бір өзекті мәселе кәмелетке толмағандардың вейп, бір реттік электрондық темекі сынды психоактивті заттарды, темекі қоспаларын қолдануларының алдын алу бойынша атқарылып жатқан шараларға қатысты болды.

Иә, қазір жастар арасында вейп шегетіндердің саны күн сайын артып келеді. Әсіресе оқушылар мини-кальяндарға қатты қызығады. Өйткені вейп темекі секілді емес, одан хош иіс шығады. Никотин де қосуға болады. Бірақ сол хош иістің өзі өте қауіпті.

«Ұрпақ саулығы – ұлт саулығы» дейміз. Алайда жылдар жылжыған сайын жас ұрпақтың денсаулығына жауығатын қатерлі заттардың қатары көбейіп барады. Абыройдан айыратын алкоголь мен естен тандыратын есірткіден арыла алмай жүргенде ұрпақ санасын ұлайтын тағы бір тұйыққа тап болды. Мерейімізді өсіре ме деп жүрген мектеп оқушыларының ендігі ермегі – электронды шылым.

Бұлай деп білім ошақтарының басшылары да, қоғам белсенділері де, дәрігерлер қауымы да дабыл қағып жатыр. «Жау жағадан алғанда, бөрі етекпен тартатыны» рас екен. Жаһан жұрты «жаман тұмаумен» енді ғана жанталасып жеңгенде, жас ұрпақ жағымсыз әдетке әуестеніп, әлеуметті әлекке салды. «Қараусыз қалған мал – қасқырдың олжасы» демекші, ел

ертеңін қатерлі дерттен қорғаймыз деп жүргенде бар бөленің бастауы саналатын «Дайрабайдың көк сиырынан» көз жазып қалған екенбіз. «Қой терісін жамылған қасқырдай» кейіп танытып, шылымның вейп дейтін электронды түрі пайда болды. «Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты» дегеніңіз осы. Әсілінде, көк сиыр да, көк түтін де емес, құрамында түрлі химиялық қоспасы бар будың уын жұтып жатқан жастарымыз. «Ессесіне, құрамында никотин жоқ» деп ақталады у ұрттап жатқандарын ұмытып. Расымен, солай ма?

Мәселен, осыдан екі жыл бұрын мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекске қол қойған болатын.

«Кодекстің 110-бабында 248-тармақ бар. Онда «Темекі бұйымдары – шегу, сору, шайнау, иіскеу немесе тұтынудың өзге де тәсілдері үшін, оның ішінде темекіні қыздыруға арналған жүйенің немесе кез келген өзге де аспаптың көмегімен пайдаланатындай етіп дайындалған шикізат ретінде темекі жапырағынан және (немесе) темекі өсімдігінің басқа да бөліктерінен толық немесе ішінара жасалған өнімдер», деп айқын жазылған. Вейп дегеніңіз – «кез келген өзге аспап». Ендеше, вейп те қоғамдық орындарда ашықтан-ашық ұсынылмауға, пайдаланылмауға және сатылмауға тиіс.

Ал біздегі ахуал қандай? Мәселен, Саран қаласы полиция бөлімінің инспекторы Мақсат Майпасовтың айтуынша 2022 жылдың басынан бастап Саран қаласы мен Ақтас кентінің аумағында темекі өнімдерін (вейп, бір реттік электрондық темекі) тұтынатын кәмелетке толмағандар анықталған.

Сонымен қатар, оның мәлімдеуінше 17.10.2022 жылғы жағдай бойынша Саран қаласының аумағында кәмелетке толмағандардың қатысуымен психоактивті заттармен, бір реттік электрондық темекілермен улану фактілері тіркелмеген.

Бұдан бөлек, комиссия отырысында айтылған ақпараттарға сүйенетін болсақ, ювеналды полиция инспекторлары тұрақты негізде басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп қаланың оқу орындарында әртүрлі тақырыптарда, соның ішінде темекі өнімдерін, вейптер мен электрондық темекілерді пайдаланудың зияны туралы дәрістер мен әңгімелер өткізеді екен.

Естеріңізге болсын, вейп бауыр мен бүйрекке, жүйке жүйесін зиян тигізеді. Оның құрамындағы никотин қатерлі ісік ауруына әкеліп соқтырады.

Вейперлер электронды темекінің зияны жоқ деп ойлайды. Себебі оны шеккенде шайыр бөлінбейді. Дегенмен Беркли университетіне қарасты Лоурен атындағы ұлттық зертхана мамандары вейптен уытты заттардың бөлінетінін анықтады. Буда 31 қауіпті зат болады. Оған қоса, хош иісті сұйықтықты көп жағдайда қолдан жасайды. Содан бағасы да арзан. Ал аккумулятор қызып тұрғанда канцерогенді заттардың мөлшері көбейеді. Аккумулятор жарылып кетуі де мүмкін.

Ғалымдардың зерттеуіне сәйкес, уытты химикаттардың бірі – диацетил. Ол хош иістендіргіштердің 75 процентінде болады. Оны тамақ өнеркәсібі де пайдаланып жатады. Бірақ деммен ішке көп тарта берсе, өкпеде қабыну процестері басталады. Бронхшалар тарылады, тыртықтар пайда болады. Жалпы уытты заттардың әсері аз емес.

Ал бір вейпті бірнеше адам қолданған жағдайда гепатит, туберкулез сияқты аурулар таралуы мүмкін. Жүкті әйелдерге, аллергиямен ауратындарға және кәмелет жасқа толмаған балаларға вейп шегуге болмайды.



## ҚҰРМЕТТІ САРАН ҚАЛАСЫ МЕН АҚТАС КЕНТІНІҢ ТҮРҒЫНДАРЫ!

«Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 21 қыркүйектегі № 1019 Жарлығына сәйкес «Саран қаласы әкімінің аппараты» ММ-де Саран қаласы мен Ақтас кентінің тұрғындарын кезектен тыс сайлауға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізіміне енгізілуін тексеру бойынша Call-орталықтың жұмысы ұйымдастырылды.

Әрбір азамат өз учаскесін нақтылау бойынша кеңес алу үшін Call-орталыққа жүгіне алады және өзінің тізімге енгізілгенін күн сайын дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін телефон арқылы тексере алады.

Өзіңіз туралы деректерді арнайы құрылған [sailau09.kz](http://sailau09.kz), [senim-call-ortaligy-109](http://senim-call-ortaligy-109.kz) сайттарынан тексере аласыздар.

2022 жылдың 4 қарашасынан бастап өзіңіздің сайлау учаскенізде деректерді тексере аласыздар.

### ДАУЫС БЕРУГЕ ҚАТЫСУҒА ҚҰҚЫҒЫ БАР АЗАМАТТАР ТІЗІМДЕРДЕ ӨЗДЕРІН ТЕКСЕРЕ АЛАТЫН УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ТЕЛЕФОН НӨМІРЛЕРІ:

Учаске №	Сайлау учаскесінің орталығы	Учаскедегі телефон өмірі
261	Орталығы: «Энергоуголь XXI» ЖШС, Саран қ., Жеңіс көш., 28 а үй	32119
262	Орталығы: «№ 1 мектеп-лицей» КММ, Саран қ., Жамбыл көш., 50 үй	75869
263	Орталығы: Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлы-техникалық колледжі» КМҚК, Саран қ., Ленин даңғ., 14 үй	51180
264	Орталығы: «№ 17 мектеп-гимназия» КММ, Саран қ., Абай көш., 25а үй	72310
265	Орталығы: «Абай атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ, Саран қ., Жамбыл көш., 72 үй	51238
266	Орталығы: «№ 6 жалпы білім беретін мектеп» КММ (оң жақ қанаты), Саран қ., 1 «А» ықш. ауд., 26 үй	71702
267	Орталығы: «№ 6 жалпы білім беретін мектеп» КММ (сол жақ қанаты), Саран қ., 1 «А» ықш. ауд., 26 үй	71701
268	Орталығы: «№ 9 арнайы мектеп-интернат» КММ, Саран қ., Жамбыл көш., 112 үй	50238
269	Орталығы: «№ 7 мектеп-интернат» КММ, Саран қ., 2 ықш. ауд., 15а үй	31403
270	Орталығы: «ОПДО» ШЖҚ Саран қаласының мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық орталығы» КМК, Саран қ., Чкалов көш., 73 үй	74636
271	Орталығы: «Саран техникалық колледжі» КММ, Саран қ., Кольцевая көш., 12 үй	73487
272	Орталығы: «Kazcentrelektroprovod» ЖШС, Саран қ., Шахтерская көш., 30а үй	31295
273	Орталығы: «№ 2 жалпы білім беретін мектеп» КММ, Саран қ., Ушаков көш., 8/1 үй	53086
274	Орталығы: Саран қ., «АрселорМиттал Темиртау» АҚ «Саран» шахтасы	32048
275	Орталығы: «№ 16 жалпы білім беретін мектеп» КММ, Саран қ., Ақтас к., Космическая көш., 11 үй	55987
276	Орталығы: «№ 13 жалпы білім беретін мектеп» КММ, Саран қ., Ақтас к., Бородин көш., 7 үй	55028
277	Орталығы: «Ақтас кентінің мәдени - сауық орталығы» КМҚК (спорт залы), Саран қ., Ақтас к., Кржижановский көш., 16а үй	55044
278	Орталығы: «Ақтас кентінің мәдени - сауық орталығы» КМҚК (спорт залы), Саран қ., Ақтас к., Кржижановский көш., 16а үй	55252
279	Орталығы: «№ 13 жалпы білім беретін мектеп» КММ, Саран қ., Ақтас к., Бородин көш., 7 үй	55033
280	Орталығы: «Саран қаласының орталық ауруханасы» КМК, Саран қ., Саранская көш., 28 үй	79959

Құрметті тұрғындар! Саран қалалық сайлау комиссиясы Сіздерді азаматтық ұстаным танытуға және дауыс беруге қатысуға шақырады! Сіздің дауысыңыз маңызды!

## УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА САРАНИ И ПОСЕЛКА АҚТАС!

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 21 сентября 2022 года № 1019 «О назначении внеочередных выборов Президента Республики Казахстан» в ГУ «Аппарат акима города Сарани» организована работа Call-центра по проверке включения жителей города Сарани и поселка Актас в список граждан, имеющих право участвовать во внеочередных выборах.

Каждый гражданин может обратиться в Call-центр за консультацией по уточнению своего участка и проверить свое включение в список по телефону: 7-40-07, ежедневно, с понедельника по пятницу с 09.00 по 18.30 часов, с перерывом на обед с 13.00 до 14.30 часов.

Проверить данные о себе в списке можно на специально созданных сайтах [sailau09.kz](http://sailau09.kz), [call-center-senim-109](http://call-center-senim-109.kz).

С 4 ноября 2022 года проверить данные можно на своем избирательном участке.

### НОМЕРА ТЕЛЕФОНОВ УЧАСТКОВЫХ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ КОМИССИЙ, ПО КОТОРЫМ ГРАЖДАНЕ, ИМЕЮЩИЕ ПРАВО УЧАСТВОВАТЬ В ГОЛОСОВАНИИ, МОГУТ ПРОВЕРИТЬ СЕБЯ В СПИСКАХ:

№ участка	Центр избирательного участка	Номер телефона на участке
261	Центр: ТОО «Энергоуголь XXI», г. Сарань, ул. Победы, д. 28 а	32119
262	Центр: КГУ «Школа - лицей № 1», г. Сарань, ул. Жамбыла, д. 50	75869
263	Центр: КГКП «Саранский высший гуманитарно-технический колледж имени Абая Қунанбаева», г. Сарань, пр. Ленина, д. 14	51180
264	Центр: КГУ «Школа - гимназия № 17», г. Сарань, ул. Абая, д. 25 а	72310
265	Центр: КГУ «Общеобразовательная школа имени Абая», г. Сарань, ул. Жамбыла, д. 72	51238
266	Центр: КГУ «Общеобразовательная школа № 6» (правое крыло), г. Сарань, микрорайон 1а, д. 26	71702
267	Центр: КГУ «Общеобразовательная школа № 6» (левое крыло), г. Сарань, микрорайон 1а	71701
268	Центр: КГУ «Специальная школа - интернат № 9», г. Сарань, улица Жамбыла, д. 112	50238
269	Центр: КГУ «Школа - интернат № 7», г. Сарань, мкр. 2, д. 15а	31403
270	Центр: КГП на ПХВ «ОЦПЗ», Наркологический центр принудительного лечения города Сарани» г. Сарань, ул. Чкалова, д. 73	74636
271	Центр: КГУ «Саранский технический колледж», г. Сарань, ул. Кольцевая, д. 12	73487
272	Центр: ТОО «Казцентрэлектропровод», г. Сарань, ул. Шахтерская, д. 30а	31295
273	Центр: КГУ «Общеобразовательная школа № 2» г. Сарань, ул. Ушакова, д. 8/1	53086
274	Центр: шахта «Саранская» УД АО «АрселорМиттал Темиртау»	32048
275	Центр: КГУ «Общеобразовательная школа № 16» пос. Актас, ул. Космическая, д. 11	55987
276	Центр: КГУ «Общеобразовательная школа № 13» пос. Актас, ул. Бородина, д. 7	55028
277	Центр: КГКП «Культурно - досуговый центр поселка Актас» (спортивный зал) пос. Актас, ул. Кржижановского, д. 16 а	55044
278	Центр: КГКП «Культурно - досуговый центр поселка Актас» (малый зал), пос. Актас, ул. Кржижановского, д. 16 а	55252
279	Центр: КГУ «Общеобразовательная школа № 13» пос. Актас, ул. Бородина, д. 7	55033
280	Центр: КГП «Центральная больница города Сарани», г. Сарань, ул. Саранская, д. 28	79959


Уважаемые жители! Саранская городская избирательная комиссия призывает вас проявить гражданскую позицию и принять участие в голосовании! Ваш голос важен!

# ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАЛТАЛЫ АЗАМАТТАР МЕН ЖАНАШЫР ЖАМАҒАТҚА МЫҢ АЛҒЫС!

Шапағат ҚОСШЫҒҰЛОВ

Суретті түсірген автор

**БЫЛТЫРҒЫ ЖЫЛДАН БАСТАП САРАН ШАҒАРЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ МЕШІТІНДЕ ҚАЛАЛЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР МЕН ҚАЙЫРЫМДЫ ЖАМАҒАТТЫҢ ҚОЛДАУЫМЕН КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ.**



Атап айтсақ, былтырғы жылдары мешітте осыған дейін мүлдем болмаған мәйітхана салынды, мешіттің шатыры толығымен ауыстырылып, ескі күмбезі жаңартылды. Ал биылғы жылдың жаз айларында мешіттің екінші қабатындағы намазханалар мен мешіт шәкірттеріне арналған дәріс бөлмелерінің төбелері толығымен жөндеуден өтіп, ерлерге арналған ең үлкен намазхана бөлмесіндегі тозығы жеткен жайнамаз кілемі ауыстырылып, аталған намазханада күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліпті.

Былтырғы жылы діни басқарманың бірқатар жаңа талаптары шыққан болатын. Сол талаптарға сәйкес мешіттерде арнайы мәйітханалардың болуы және олардың барлық талаптарға сәйкес болуы да шарт болып бекітілген. Соған сәйкес былтыр мешітте жаңа мәйітхана салынған болатын. Аталған шараның да басты мақсаты - жерлеу рәсімдерін шариғат нормаларына және ата-баба дәстүріне сай болуын қадағалап, өркениет көшінен де артта қалырмау.

«Былтыр біз қайырымды мешіт жамағаттарының қолдау көрсетуімен мешіттің жанынан жаңа мәйітхананы іске қосқан болатынбыз. Мәйітхананың іші барлық талаптарға сай, қажетті заттармен толық қамтамасыз етілген. Мысалы, ҚМДБ-ның жаңа талаптарына сәйкес, мәйіт жататын жер мен оны ақтық сапарға шығарып салар алдында жуындыратын бөлме бөлек-бөлек орналасқан болуы тиіс. Содан кейін, мәйітті жуындыратын бөлмеде арнайы су ағатын құбырлар, жылы су, бөлменің ішін таза қалыпта сақтап тұру оңай болуы үшін қабырғалары кафельденген болуы тиіс болатын. Мәне, біз жаңа мәйітхананы саларда осы талаптардың барлығын да ескердік», - дейді бас имам Мұхамедқали қажы Сапарғалиұлы.

Аталмыш іс-шаралар легі аясында атқарылған игі істердің бірі ретінде мешіт күмбезінің жаңартылуы мен ескі шатырларының ауыстырылуы да атап өткеніміз жөн.

Ғибадат үйінің күмбездері мен шатырларының ескіруіне байланысты, жалпы құрылыс жұмыстарының аясында мешіттің үш күмбезі әсемделіп жаңадан жасақталды, қала

арқылы осы құлшылық үйінің шатырын ауыстыруға көмек көрсету үшін Қарағанды металлургиялық комбинатына хат жазған болатынбыз. Олар ол ұшын созып, бізбен бірден келісе кетті көмек көрсетуге. Содан оны осы жаққа әкімдіктің жігіттері жеткізіп берді. Міне, осылайша, әкімдік пен Карметкомбинаттың қолдау көрсетуінің арқасында мешіттің шатырын да ауыстырған болатынбыз», - деді қолдаушыларға шексіз ризашылығын білдірген мешіт имамы Мұхамедқали қажы Саликов.

Үшінші атқарылған күрделі жөндеу жұмыстарының бірі ол мешіттің екінші қабатындағы намазханалар мен мешіт шәкірттеріне арналған дәріс бөлмелерінің төбелері толығымен жөндеуден өтіп, ерлерге арналған ең үлкен намазхана бөлмесіндегі тозығы жеткен жайнамаз кілемінің ауыстырылуы. Жалғыз ол емес, намазхана толығымен жөндеуден өтті десек артық айтпаған боламыз. Төбесі ауыстырылды, қабырғалары сыланды, михраб жаңартылды, жаңа жарықшамдар орнатылды, бөлмедегі тозығы жеткен үлкен жайнамаз кілемі ауыстырылды. Бұл жұмыстар да осы қайырымды қалталы азаматтар мен жанашыр

жасаған ол өзіміздің намазхан бауырларымыз, осы мешіттің тұрақты жамғаттарының бірі Бұрхан мен Бақытжан деген бауырларымыз. Алла ол кісілерге разы болсын, істерін берекелі етсін. Тіпті олар сол жасаған жұмыстарына ақша да сұрамады. Былайша айтқанда тегін жасап берді.

Одан кейін жайнамаз кілемін ауыстырдық. Жаңа кілемді де бізге жанашыр жамағаттарымыздың бірі алып берген болатын. Осы жердің тумасы. Бірақ қазір еліміздің бас қаласы Астана шаһарында тұрып жатқан жайы бар. Тек ол бауырымыз есімін атамауын өтінген болатын», - дейді бас имам.

Одан кейін мешіттің су құбыры жүйесі де толығымен ауыстырылғанын айтты бас имам Мұхамедқали қажы. Тек мешіттің су құбыр желісі мешіттің өз қаражатына ауыстырылғанын тілге тиек ете кетті дін өкілі. Ал болашаққа деген жоспарымен бөліскен бас имам алдағы уақыттарда мешіттің жанынан бір асхана салу жоспарда бар екенін де айта кетті. - Оның үстіне өткен апталарда осы мешітте өткен алқалы жиын барысында қала әкімі Ержан Темирхановпенде осы асхана хақында ақылдасқан болатынбыз. Ержан Оралұлы біздің бұл бастаманы қолдап отыр, - деді Мұхамедқали қажы Сапарғалиұлы.

Тағы бір айта кететін жайт бар. Ол жайтпен имам сұхбат барысында бөлісті бізбен. Әңгіме ерлерге арналған намазханада жарықшамдарға қатысты. Аталған бөлмеде барлығы 17 жарықшам орнатылған екен. 8 жарықшам бөлменің орналасқан жеріне орналастырыпты. Ал 17 жарықшамның жетеуі имам құбылаға бет бұрып, жамағатқа басшылық етіп намаз оқитын михрабтың алдыңғы бөлігіне орналастырылса, екеуі тап имамның оң жақ және сол жақ төбесінен төмен қаратылып орналастырылса керекті. Бұларды осылай етіп орналастыру имамның айтуынша жаңағы құрылыс жұмыстарын жүргізген Бұрхан есімді жігіттің өз идеясы екен. Ал имам Бұрханнан оның жарықшамдарды неге осылай орналастырғандығының мәнісін сұрағанда ол жігіт төмендегідей жауап беріп.

Жамағаттың үстіндегі 8 жарықшам жәннәттің 8 қақпасын, михрабтағы 7 жарықшам жеті қабат аспанды, ал тап имамның оң жақ және сол жақ төбесінен төмен қаратылып орнатылған екі жарықшам ікі иықтағы Кираман мен Катибин есімді жақсылық пен жамандықты жазып тұратын періштелерді білдіретіндігін айтқан екен.

«Яғни Бұрхан бауырымыздың ойындағы бар мақсат, имам мен жамағатқа осыларды үнемі еске салып тұру болса керек-ті. Не деген тапқырлық екенін қарасаңызшы. Бұндай дүниені ойлап жасау үшін де, сіздің діни кітаптардан алған аздық-көпті біліміңіздің болуы шарт емес пе!? Демек, Бұрхан мен Бақытжан есімді бауырымыздың діни тұрғыдан да аса сауапты болуының көрінісі деп білемін мен бұны. Алла осы екі жігітке разы болсын!», - деп сөзін аяқтады имам.

Бұрынғы келбетінен біршама өзгерген, ішіне ізгіліктің сәулесі шашылып тұрғандай жарқыраған кең бөлмені көріп, көз тойдыра алмаған біз, мешіттен үлкен ғибрат алып қайттық. Жаңағы имам атап өткен жомарт кәсіпкерлерге және жанашыр жамағатқа шексіз разылығымызды білдіріп, істеріне берекет тіледік.



әкімінің қолдау көрсетуінің арқасында шатырлары ауыстырылды. Атқарылған жұмыстардың қала кәсіпкерлерінің қаражаты және қайырымды жандардың ерікті көмек көрсетуі нәтижесінде жүзеге асырылды. Игі іс мешіт имамы Саликов Мұхамедқали қажы Сапарғалиұлының бастамасымен іске асты.

«Иә, мына мәйітханадан кейінгі жасалған күрделі жұмыстардың бірі ол мына мешіттің күмбезі мен шатырларының жаңартылуы болды. Өздеріңіз де білетіндей, бұрындары біз жылда мешіттің күмбезін бояйтынбыз. Ол да оңай жұмыстардың қатарынан емес, мешіттің төбесіне шығып, күмбезін бояу үшін де епті жігіттер керек. Жылдан жылға жалғаса беретін осындай жұмыстар оңайға соқпайтын мешіт үшін.

Енді Аллаға шүкір, біріншіден халықтың көмегімен, сонан кейін мына өзіміздің жергілікті кәсіпкерлер Шәріп Исенов пен Серік Әбдуғалиев есімді жігіттердің біраз қаржылай көмектерінің арқасында атқарылған дүние ғой осы күмбезіміздің салынуы. Ал осы күмбезге қатысты жұмыстардың ұйымдастырушылық жағын Мұхтар Қалиев есімді жанашыр жігіттің ұран тастауымен жүзеге асқанын да атап өткеніміз абзал.

Содан кейін мешіттің шатырын ауыстырдық. Ол былай болды. Бұл негізі осы жөндеу жұмыстарының ішінде ең бірінші атқарылған жұмыс болатын. Біз мешіттің атынан әкімдік

жамағаттың қаражатына жасалған жайы бар дейді бас имам Мұхамедқали Қажы Сапарғалиұлы.

«Бұл мешіттің ғимараты ескі. 60 жыл болған салынғанына. Төбесінің бәрі шіріп кеткен, жаңбыр жауса, намазхана бөлмелерінің төбесінен сорғалап су ағып, жамағаттың құлшылығына кедергі келтіретін.

